

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 423 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 ақпандағы № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.02.2015 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар мен құстардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының туындауын және таралуын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 18, 185-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін кездегі жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесінде;

сегізінші абзацтағы "құс орнитозы" деген сөздерден кейін ", құстардың жоғары патогенді тұмауы" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Алдын алуы, диагностикасы және жойылуы республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесінде;

төртінші абзацтағы "жылқының африкалық обасы (экзотикалық ауру)" деген сөздерден кейін ", эпизоотиялық лимфангоит" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзацтағы "респираторлық микоплазмоз" деген сөздерден кейін ", құстардың жоғары патогенді тұмауы" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а н ы ң

Премьер-Министрі